

2

Білім мен тәрбиенің
бірегей ордасы

6

«Сырдағы жаңашылдық
тәнті етті»

Сыр бойы

№160 (21036) 21 қазан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ИЛЬХАМ ӘЛИЕВ МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

Кеше Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманды Астана әуежайынан күтіп алды.

Ақорданың баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгін президенттер келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Әзербайжан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысын өткізеді.

/// КЕҢЕС

ҚЫЛМЫСТЫҚ АТҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Кеше ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен қылмыстық атқару жүйесінің мәселелері талқыланған кеңес отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев секторлық режим арқылы қатысты.

Өңірде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды қоғамға қайта бейімдеу, еңбекке тарту, пробация қызметін күшейту бағытында тиісті жұмыс атқарылуда. Биылға жұмыспен қамту үшін бекітілген 92 квота түгел игерілді. Үкіметтік емес ұйымдар арқылы қайта әлеуметтендіруге қаржы бөлініп, жобалар іске асты. Жұмыссыз ретінде тіркелген 325 адамның 213-і тұрақты, 49-ы уақытша жұмысқа орналасты.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

/// ЖӘРМӨҢКЕ

МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛДАҒЫ МОЛШЫЛЫҚ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев егін жинау науқанының аяқталуына орай «Алтын күз-2025» мерекесі аясында облыс орталығында ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін аралап шықты. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері қатысты.

Жәрмеңкеде барлық аудандар мен Қызылорда қаласының шаруалары өз өнімдерін өндіруші бағасымен ұсынды. Аудандардан 500-ге жуық жүк көлігімен 1000 тоннадан астам өнім жеткізілді.

Сауда сөрелеріне 150 тоннадан астам күріш, 30 тонна ет және 35 тоннадай балық өнімдері, 300 тонна картоп, 300 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша, 10 тоннадай сүт, 10 тоннаға жуық бақалас және кондитер өнімдері, 100 бас тоқты және 30 тонна жем-шөп қойылды.

Арал ауданының жәрмеңкесі халыққа ерекше көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, тұтынушылар Аралдың балығын алуға кезек тосты. Теңізді өлкенің шаруалары 60 тоннадай өнім әкелген. Атап айтқанда, 15 тонна балық

өнімдері, 20 тонна қауын-қарбыз, 4 тонна ет өнімдері, 20 тонна қызанақ, 1 тоннадай сүт, 3 тонна ас тұзы бар. Сондай-ақ 40 бас қой мен тоқты жеткізілген.

Молшылық мерекесінің жәрмеңкесіне Қазалы ауданының шаруалары 10 тонна күріш, 12 тонна балық, 5 тонна ет, 20 тонна бақша өнімдерін, 7 тонна асқабақ, 15 тонна картоп, 10 тонна піяз, 3 тонна сүт өнімдері, 1 тонна Қазалы кәмпиттерін шығарды.

Қармақшы ауданынан 40 көлікке тиелген 100 тоннаға жуық өнім келген. Сатылымда 20 тонна күріш, 1,5 тонна балық, 30 тонна көкөніс, 25 тоннадай бақша, 10 тонна қызанақ, 1 тонна ет және кондитер мен сүт өнімдері, мал азығы бар.

2-бет


**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

Қазақстанда кадр тапшылығы жеткілікті. Ресми мәліметке сүйенсек, алдағы жылдары мұндай жетіспеушілік саны арта түседі. Сұраныстың көбі – техникалық мамандықта. Ал жалпы республикада жыл сайын 150 мыңға жуық студент жұмысшы мамандықпен диплом алады. Соның 80%-ы жұмысқа тұратын көрінеді. Бірақ мұның өзі өндіріс пен түрлі кәсіпорынға қажет маман санын толықтырған емес.

ЖҰМЫСШЫ ЫНТАСЫ ЖАЛАҚЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ



3-бет



/// ДҮБІР

БӘЙГЕ БАСЫ – ҰЛЫТАУДА

Өткен сенбі күні қалалық ипподромда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай және Қала күні аясында «Алтын күз – 2025» ұлттық ат бәйгесі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ұлт өнерінің жанкүйерлері қатысты.



6-бет

/// АҚЖОЛТАЙ

БИЛІГІ АЛАСАРМАСЫН, БЕКСҰЛТАН!



Астанадан тағы да сүйінші хабар жетті. Он бірінші рет өткен «Алтын домбыра – 2025» айтысында Бексұлтан топ жарып, күміс домбыра иегері атанған болатын.

Өткен жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Күміс домбыра – 2024» атты жас ақындар айтысында Бексұлтан топ жарып, күміс домбыра иегері атанған болатын.

Сыр бойына ақтангер ақын Мұқтар Ниязов үш рет, маркасқа жүйрік Мейірбек Сұлтанхан бір рет «Алтын домбыраны» алып келгенін жақсы білеміз.

6-бет

Валюта бағамы: \$ 536,32 kzt € 626,90 kzt ₸ 6,6 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +18° 🌙 +3° | Сәрсенбі ☀️ +20° 🌙 +3°

МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛДАҒЫ МОЛШЫЛЫҚ



Ал Жалағаш ауданының шаруалары 200 тоннаға жуық өнімдерін қала тұрғындарына ұсынды. Атап айтқанда, 40 тонна күріш, 40 тонна картоп, 10 тонна сәбіз, 20 тонна пияз, 20 тонна асқабақ, 30 тонна

қауын-қарбыз, 30 тонна көкөніс өнімдері, 3 тоннадан астам ет пен балық өнімдері, 1 тоннадай сүт өнімдері. Сырдария ауданынан жеткен 50 көлік азық-түлік тауарларына толы. Мұнда тұрғындар қарбыз-қауын, жеміс-жидек, күріш, сүт өнімдері мен балық

өнімдерінің саудасын қыздырды. Барлығы 170 тоннадан астам, оның ішінде 25 тонна күріш, 60 тонна картоп, сәбіз, пияз, 10 тонна асқабақ, 40 тонна бақша, 2 тонна ет, сүт өнімдері, 5 тонна көкөніс пен жемістер, 2 тоннадан астам бакалея өнімдері халық сұранысына ие болды. Сонымен қатар, 10 бас қой мен 10 бас тоқты және 30 тонна мал азығын да саудалаушылар көп болды.

Тасбөгет кентінің орталық алаңында шиелілік шаруалар табиғи таза өнімдерін ұсынып, жәрмеңке көркін қыздырды. Мұнда саудаға 150 тоннадан астам өнім қойылған. Атап айтқанда, 20 тоннадан астам күріш, 30 тонна бақша өнімі, 50 тонна картоп, 12 тонна асқабақ, 40 тонна көкөніс, 4 тонна ет, сүт өнімдері, 1 тонна бакалея өнімдері сатылды. Астана даңғылының бойында орналасқан Жаңақорған ауданының 50 көлігінде 10 тоннаға жуық күріш, 45 тонна картоп, 30 тонна бақша, 60 тоннадан астам көкөніс пен жемістер саудаға шығарылды. Сондай-ақ ет, балық, кондитер өнімдері де бар.

Сол жағалауға жайғасқан Қызылорда қаласының шаруалары 12 тонна күріш, 8 тонна картоп, 12 тонна ет пен балық өнімдерін, 16 тонна қауын мен қарбыз, 6 тонна асқабақ, 15 тонна көкөніс пен жеміс өнімдерін, 2 тонна кондитер өнімдерін, мал азығын да ұсынды. Биыл Сыр диқандары күзгі жиын-терімге уақытылы кірісіп, толағай табысқа қол жеткізді. 470 мың тоннаға жуық күріш жиналып, оның әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынды.

Дәнді және майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен де мол өнім жиналды.

«СБ» ақпарат

САУАЛ – ДЕПУТАТТАН, ЖАУАП – ҮКІМЕТТЕН

Осы жылдың 25 қыркүйегінде Сенаттың пленарлық отырысында сенаторлар Руслан Рүстемов, Нұртөре Жүсіп, Наурызбай Байқадамов ҚР Премьер-министрінің атына Қызылорда облысының аумағында егін шаруашылығын тұрақты дамыту және осы саладағы проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар ұсыным қамтылған депутаттық сауал жолдаған болатын. Оның мәтіні 29 қыркүйекте «Сыр бойы» газетінде жарияланды.

Депутаттық сауалға Премьер-министрдің атынан келген жауап хаттың толық мәтіні оқырман назарына ұсынылып отыр.

«Күрметті депутаттар!

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (бұдан әрі – институт) қызметіне қатысты депутаттық сауалды қарастырып, төмендегіні хабарлаймын.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (БНҚ) аясында мега-жоба дайындау конкурсына қатысты Үкімет аграрлық ғылымды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл бағыт ауыл шаруашылығына арналған ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды кеңейтуге, озық технологияларды енгізуге және ғылыми әзірлемелерді өндіріс саласына трансферттеуге бағытталған. Аталған шаралар 2030 жылға дейінгі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасында көзделген және саланың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ аграрлық ғылыми ұйымдардың қызметін жетілдіру де басым бағыттардың бірі болып табылады. Осылайша, 2024-2026 жылдарға арналған БНҚ шеңберінде институт бірқатар ғылыми-техникалық бағдарламаларды, соның ішінде селекция және тұқым шаруашылығы, күріштік генетикалық қорын зерттеу, қант қызылшасының төзімділігі, сондай-ақ мал-азықтық дақылдарды өсіру технологияларын әзірлеу жобаларын іске асыруда.

Бұдан бөлек, 2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясында институт «Қызылорда облысының өсімдік шаруашылығын әртараптандыру жағдайында малазықтық дақылдардың сорттық технологиясын әзірлеу» бағдарламасының орындаушысы болып табылады.

Арал өңірінің аграрлық және экологиялық тұрақтылығын дамыту бойынша мегажобаны іске асыруға арналған ғылыми-техникалық тапсырманы қалыптастыру және конкурс жариялау мәселесі республикалық бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып қарастырылатын болады.

Қазіргі уақытта АӨК саласындағы уәкілетті орган 2027-2029 жылдарға арналған ғылыми-техникалық тапсырмаларды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде, онда институттың ұсыныстары ескеріліп, күріш шаруашылығын дамытуға арналған міндеттер мен тиісті қаржыландыру көлемі көзделетін болады.

Институттың материалдық-техникалық базасын жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаны қаржыландыруға қатысты 2024-2026 жылдарға арналған селекция және тұқым шаруашылығын дамыту жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде институттың материалдық-техникалық базасын жаңғырту бойынша мемлекеттік инвестициялық жоба әзірленген. Аталған жоба бойынша 2024 жылғы желтоқсанда қаржылық-экономикалық негіздемеге оң қорытынды алынған.

Сонымен қатар жоба бекітілген кезде 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет қабылданып қойғандықтан, тиісті шығыстар көзделмеген. Ағымдағы жылы бюджетке нақтылау жүргізілген жоқ.

Қазіргі уақытта Парламент қарауында тұрған 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ еншілес ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға 16,8 млрд теңге көзделген, оның ішінде 4,1 млрд теңге институттың қызметін жетілдіруге бағытталмақ.

БНҚ жобаларын іске асыру мерзімін үш жылдан бес жылға дейін ұзарту мәселесіне қатысты «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған шарттар бес жылға дейінгі мерзімге жасалуы мүмкін. Осылайша, қолданыстағы БНҚ ережелері жобаларды бес жылға дейін іске асыруға мүмкіндік береді.

Алайда Бюджет кодексінің нормаларына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимиттері республикалық бюджетті қалыптастыру аясында үш жылдық кезеңге бекітіледі. Осыған байланысты ғылыми ұйымдармен шарттар үш жылдан аспайтын мерзімге ғана жасалуы мүмкін.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, БНҚ жобаларының іске асыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту қазіргі уақытта бюджеттік заңнамда белгіленген шектеулерге байланысты мүмкін емес.

Су ресурстары және топырақтың тозуының алдын алу мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді қолдауға қатысты 2024-2026 жылдарға арналған БНҚ аясында ауыл шаруашылығын мақсаттындағы жерлерді ұтымды пайдалану, мелiorацияның тиімділігін арттыру және топырақ құнарлылығын сақтау бойынша ғылыми жобалар да қаржыландырылады.

2027-2029 жылдарға арналған ғылыми-техникалық тапсырмаларды қалыптастыру кезінде су үнемдеу және суармалы егіншілік тақырыбындағы ғылыми ұйымдардың, оның ішінде институттың ұсыныстары ескерілетін болады.

Үкімет өз кезегінде су пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруда, оның ішінде су үнемдеу технологияларын енгізуге жұмсалған шығындардың 80%-на дейінгі мөлшерде инвестициялық субсидиялар мен ауыл шаруашылығы өндірушілеріне су беру қызметтері құнының бір бөлігін субсидиялау қарастырылған.

Сондай-ақ суару суларын пайдалану қағидалары бекітілді, онда рұқсатсыз су алу үшін екі еселенген төлем мөлшерлемесі көзделген.

Су пайдалануды бақылауды күшейту мақсатында мониторингтік топтар құрылды. Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің функциялары кеңейтілді, инспекциялардың саны артты және су заңнамасының сақталуын бақылау бойынша өңірлік бөлімшелер ашылды.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске су ресурстарын пайдалану саласындағы құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейтетін түзетулер енгізілді. Су объектілерін заңсыз иелену, су пайдалану құқығын қайта беру, суды мақсатсыз пайдалану, лимиттерден асып кету және арнайы су пайдалану шарттарын бұзу үшін 200-ден 2000 АЕК-ке дейін айыппұлдар көзделген.

Топырақ құнарлылығын арттыру мақсатында 2024-2030 жылдарға арналған топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және арттыру жөніндегі жол картасы қабылданды. Онда жердің жағдайына кешенді талдау жүргізу және эрозия мен шөлейттенуге қарсы іс-шараларды іске асыру көзделген.

Осыған сәйкес 17 облыста жердің тозуымен күрес жөніндегі өңірлік жол карталары бекітілген.

Қызылорда облысының өңірлік жол картасына сәйкес 2030 жылға дейін 59 мың гектар эрозияға ұшыраған жерді қалпына келтіру жоспарланып отыр, оның ішінде 2,9 мың гектар су эрозиясына, 56,1 мың гектар жел эрозиясына ұшыраған жер.

2025-2028 жылдары 32,2 мың гектар аумақта деградацияға ұшыраған жерлердің карталары жасалып, олардың иелері айқындалатын болады.

Анықтама: барлығы 119 учаске анықталған, оның ішінде 2025 жылы – 16, 2026 жылы – 22, 2027 жылы – 34, 2028 жылы 47 учаске.

Эрозияға ұшыраған жерлердің бір бөлігі мемлекеттік жер қорында, бір бөлігі жеке жер пайдаланушылардың иелігінде болғандықтан, жергілікті атқарушы органдар деградацияның алдын алу және жерді қалпына келтіру шараларын іске асыру бойынша шаруашылықтармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы алғанда аграрлық өндіріс жүргізілген ғылыми әзірлемелерді енгізу мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында».

/// ӨРКЕН



БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ БІРЕГЕЙ ОРДАСЫ

Биыл Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты ашылған болатын. Жаңа оқу жылында жұмысын бастаған білім ордасына бардық, директоры Ерлан Қоңырбаевпен пікірлесіп, жаңашылдық жаршысына куә болдық.



Өңірдегі ғылым мен технология саласына бейімделген дарынды оқушыларға білім беретін мектеп заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда балалар үшін барлық жағдай жасалған.

– Нысан 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні ашылды. Ал жұмысты 1 қыркүйектен бастадық. Мектеп негізі 400 балаға шақталған, жатақханасы 300 орын. Биыл 200 баланы қабылдадық. Себебі, тек 7-8 сыныптар ашылды. Лицейде 7-11 сынып аралығында оқытады. Білім ошағы «Білім-инновация» лицейлері арасындағы тұнғыш физика-математика бағытында ашылған лицей болып саналады. Қабылдау емтихан да БИЛ негізінде жүргізіледі. Ақпанның бірінен бастап, сәуірдің ортасынан дейін онлайн тіркеледі. Оқушылар тіркелгеннен кейін мамыр айында емтихан тапсырады. Биыл 7-30 сәуір аралығында тіркеу жүргізілді. Қабылдауға 20 өңірдің 17-нен өтініш түсіп, 1445 бала емтихан тапсырды. Нәтижесінде 200 бала қабылданды. Оның 60 пайызы жергілікті болса, қалғаны сырт өңірлерден. Нәтижесінде 100 бала 7-сыныпқа, 100 бала 8-сыныпқа барды. Сонда төрт 7-сынып, төрт 8-сынып бар. Осындағы БИЛ-дан ерекшелігіміз, бізде аралас оқиды. Ал оқу жүйесінде жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде жүргізіледі. Физика-математика тереңдетіліп оқытылады. Біріншіден, ағылшын тілінде, екіншіден, топтарға бөлінеді. Сағат саны да басқа лицейлерге қарағанда көп.

Біздің жоспарымыз 10-сыныптың соңында оқушылардың барлығы университет деңгейінде кейбір пәндерді бітіріп шыққан болу керек. Ол сертификат арқылы университет кезінде сол пәндерді оқымаса да болады. Міне, осындай деңгейге шығу керек, – дейді Ерлан Серікбайұлы.

Сондай-ақ оның айтуынша, әр сыныптың өзіндік емтихан тесті болады. Соған орай оқушы өзінің деңгейін дәлелдейді. Оқытушылар құрамы да білікті ұстаздардан құралған. Мәселен, 16 мұғалім «Білім-инновация» қорынан келген. Олар ағылшын тілінен сабақ береді, жүйені жақсы меңгерген, мектептерде тәжірибе алмасу үшін ауысып оқытады. Қазір мұнда 23 мұғалім, 13 тәрбиеші еңбек етеді.

Оқушылардың шығармашылық дарынын шыңдау үшін қосымша үйір-

мелер қарастырылған. Мектептің материалдық базасы жоғары болған-дықтан, мұнда сегіз лаборатория, бес шеберхана бар. Балалар ағаш өңдеу, темірмен жұмыс істеу, асхана, қыш жасау, тігін тігу, робототехника және спорттық, актерлік шеберліктерін дамытатын үйірмелерге қатысады. Сонымен қатар ағылшын тіліне арналған сегіз кабинет қызмет көрсетеді.

– Біз әр баланың уақыты тиімді өткенін қалаймыз. Мәселен, сабақ таңғы сегізде басталып, түстен кейін аяқталады. Одан әрі қосымша олимпиадаларға дайындалады. Кешкі астан кейін өзіндік жұмыс жүргізеді. Тәрбиешілермен бірге сабаққа көңіл бөледі. Тәрбиешілердің басым бөлігі – БИЛ тұлғалары. Олар оқушылардың үй тапсырмасына көмек береді, тәртібін қалағалайды.

Сондай-ақ мектепте қоғамдық іс-шаралар да белсенді жүргізіледі. Себебі «Құндылықтарға негізделген білім жүйесіне» ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, біздің логотипке қарасаңыз, қарлығаштың бейнесі суреттелген. Бұл дегеніміз – қарлығаштың бір қанаты тәрбие болса, екіншісі білім. Сондықтан бұл екі ұғымды қатар алып жүргенде ғана нәтиже болары сөзсіз. Жоғарыда аталған өзіндік жұмыс тәрбиесі байланысты, оған ата-аналар да белсенді атсалысады. Біздің философиямызда негізгі тәрбиені ата-ана берсе, біз қолдаймыз, көмек береміз. Олар үнемі бізбен байланыста, әрбір іс-шараға белсенді қатысады, балалардың қасында болады. Тіпті тәрбие сағаттарын да ата-аналар жүргізеді. Алдын ала тақырып беріп, сол бойынша дайындалады. Біз де көмек көрсетеміз. Ата-аналарға арналған клубтар да бар, – дейді ол.

Мұнда әр баламен жеке-жеке жұмыс жүргізіледі. Бала емтихан кезінде төмен нәтиже көрсетсе, келесі тоқсанда





МЕМЛЕКЕТ
МҮДДЕСІ ДЕ ОСЫ

Аталған мәселе ауылдан бастап Ақорда айналасына дейін жігі таныс. Содан болар, былтыр жыл соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтар жылын» жариялаған еді. Желтоқсан айының соңында Жарлыққа қол қойылды. Тиісті құжат күшіне енді. Биылғы атаулы жылдың мақсаты аян. Ол – нағыз еңбек адамдарын қоғамда дәріптей отырып, елдегі түрлі жұмысшы мамандардың мәртебесін әйгілеу, насихаттау.

Тиісті Жарлық шыққан соң Үкімет те үндемей қалмады. Жыл басында Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен отырыс өткен. Тақырыбы да осы атаулы жылға қатысты болды.

Сол жиында мәлім болғандай, жұмысшы мамандықтардың маңызын арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауда Үкімет «Жұмысшы мамандықтар жылын» ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспарын бекітті. 7 бағыт пен 70 қадамнан тұратын құжатта жана мамандықтар атласын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын жүзеге асыру, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, кәсіби білікті кадрлар даярлау, сапалы жұмыс орындарын құру, жұмысшы кадрлардың құқығын қорғау және мәртебесін көтеру мәселесін қамтылды.

Осы отырыста Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова елдегі 4,8 миллион адамның (барлық жұмыс істейтін азаматтың 52%-ы) кәсіптік немесе техникалық білімі барын мәлімдеді. Өткен жылы мұндай мамандарға қажеттілік (270 мыңнан астам бос жұмыс орны) жоғары болған. Керекті кадрлар көлік, сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда көбірек сұраныста.

Министрдің сөзінше, алдағы 6 жылда кадрларға жынның сұраныс 1,6 млн адам деп жоспарланған. Ал мұның жартысынан астамы кәсіптік-техникалық білімі бар жұмыскерлерге тиесілі болса, оның ішінде 400 мыңға жуығы – жұмысшы мамандықтар. Бұған мамандандырылған техника жүргізушісі, сантехник, дәнекерлеуші, құрылыс мамандықтары мен техникалық бағыттағы жұмысшылар жататыны белгілі.

СҰРАНЫСТЫҢ КӨБІ –
ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ

Жұмысшы өкілдеріне тұтастай бір жылдың арнаулы Қазақстандағы сан мыңдаған еңбек адамдарының еңесін көтергендей. Әрі бұл саладағы еңбек өнімділігін есептеп арттыруға септігін тигізеті анық. Тек айтылып жатқан қолдау шаралары биылғы жылмен тоқтап қалмауы керек.

Ал сарапшылар мен сала ардагерлері атаулы жылды пайдаланып, әр өңір басшылығы ауыл не қалада болсын, нағыз тапшы мамандықты дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашқанын қалайды. Мысалы, қазір елдегі көп ауылда трактор, комбайн руліне отыратын механизаторлар тапшы. Бұл мәселе біздің Қызылорда облысына да таныс емес. Қарап отырсаңыз, күріш өсіруші шаруашылықтардағы қызметкерлердің көбі зейнетке шықса да осы жұмыста жүр, яғни ауыл шаруашылығы техникаларын тізгіңдейтіндердің қатарында жастар аз. Сондай-ақ қаладағы өндіріс орындарында кейбір техмандық тапшы.

Сенат депутаты Руслан Рүстемовтің сөзінше, бүгінде озық елдердің тәжірибесін мысал етсек болады. Олар өздеріндегі жұмысшы маманды жан-жақты қолдап, ортақ іске жұмылдыру арқылы стратегиялық жоспарларын шындыққа айналдырған.

– Әлемде ең дамыған экономиканың бірі, экономикалық дамудың Шығыс Азия моделін таңдаған Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур және Қытай елі жұмысшы мамандықтарға басымдық беріп, ауыр өнеркәсіптен бөлек, шағын және орта бизнесті, отбасылық кәсіпті ілгерілетудің онтайлы жолын тапты, – дейді Руслан Рүстемұлы. – Мысалы, Оңтүстік Кореяны айтсақ. Бұл мемлекет XX ғасырдың 60-жылдары аграрлы саясат ұстанған кейді мемлекет болса, қазір дамыған өнеркәсіптік

ЖҰМЫСШЫ ҮНТАСЫ
ЖАЛАҚЫҒА
БАЙЛАНЫСТЫ

елге айналды. Әсіресе тұрмыстық электрониканың ірі өндірушісі. Ал оларға жетістік оңай келді деймісіз? Үкімет өз азаматтарын техникалық мамандықтарға қызықтыра білді. Артынша ірі өндіріс орындарын құруға басымдық беріп, солармен қатар шағын және орта бизнес кластерін дамытуға жол ашты. Ең бастысы, корейлықтардың еңбекқорлығын шындап, күнұзақ жұмыс істеуге үндеді. Қазір жалпы-ұлттық мұрат шындыққа айналып, әлемдік экономикада Оңтүстік Корея 12-орынға тұрақтап отыр. Бізге де ұзақжылдық стратегиялық жоспарларды орындауда «бір жападан бас, бір жеңнен қол шығарып», ортақ іске белсенді араласып, еңбекқорлық таныту керек. Олай етпесек, мақсатымыз аяқсыз қалары анық.

Руслан Рүстемовтің сөзінше, ірі өндіріс орындарынан бастап күнделікті аяқкіім тігетін еңбек адамына дейін лайықты баға берілгені жөн. Сонда ғана олардың қоғамдағы орны биіктей түспек.

Ел тұрғындары да «Жұмысшы мамандықтар жылын» бос дақыртптен өткенін қаламайды. Әрі оңды-солды марапат, түрлі алғыс хат немесе грамота, толып жатқан төс-белгі қарапайым жұмысшыға қолдау болмауына әу бастан белгілі.

– Қазір Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылында» барлық салада қолдау жоқ емес. Әсіресе, бұл өндірістік-техникалық және азаматтық құрылыс саласында қызмет атқаратын мамандық иелерінің қызметі бағаланғаны деп білемін. Мұндай мамандық иелері өз еңбектері арқасында еліміздің экономикалық дамуына орасан үлес қосуда. Сала ардагері ретінде айтармын, осындай мамандық иелеріне атқарып жүрген жұмысшының ауыртпалығы ескерілсе деймін. Екіншіден, басқа мамандық иелеріне қарағанда зейнет жасына ертерек шығуына, зейнетақысына қосымша үстемалы төленуіне мемлекет тарапынан қолдау болғаны дұрыс, – дейді еңбек ардагері Сламхан Досекебаев.

50 жылға жуық құрылыста тер төккен қармақшылық ардагер тиісті құрылымдардың қай мамандыққа сұраныс басым екенін зерттеп, мұны қазірден қолға алу керектігін айтып отыр. Оның сөзінше, қалай болғанда да еңбек адамдарына арналған жылдың шарапатын халық сезінуі тиіс.

ЖАЛАҚЫ
ЖАРЫТЫМСЫЗ БОЛСА...

Кейбір өңірлерден бөлек, үлкен мегаполистерде (Астана, Алматы) мұндай қат мамандықтар әлі жетіспейді. Болса да олар өз мамандығынан тыс салада жұмыс істейді. Басты себеп – жалақының аздығы. Күнкөріске жетпейтін еңбекақы болған соң берілген қызметтен бас тартып жүргендер көп. Бұл сөзімізді елорда іргесіндегі Қоянды ауылының «Келесек» мектеп-лицейінің директоры Рысжан Шамұратова да растап берген-ді. Мектеп басшысының айтуынша, қоғамда жұмысшы мамандық иелеріне лайықты қолдау көрсетіліп, мемлекет тарапынан бар мүмкіндік қарастырылуы тиіс.

– Мысалы көп. Астанадағы өзін жұмыс істеген немесе басқарған білім мекемелерінде сантехник, электрик, аула сыпырушы, асхана қызметкері, жүргізуші, т. б. кәсіп иелері бар. Шынымы айтсам, үлкен қалада осы мамандыққа сәйкес қызметкер табу тым қиын. Себебі сантехник жеке жұмыс жасағанды ұнатады. Күнделікті жақсы табыс табады. Қазақстандағы ең төменгі жалақы 85 мың теңгені құрайды десек, дәл осы жалақыға мектеп еденін жууға

ешкім келмейді. «Мұндай жалақымен күн көре алмайсыз ғой»,

«Осындай үлкен қалада ма?», «Әзіл-деп отырған боларсыз?». Бұл – вакансиямен келген жұмыс іздеушілердің сөзі. Тағы бір мысал, жана оқу жылының басында асханаға қызметкерлер табу қиынға соқты. Колледж бітірген жас аспаздарлы шақырсақ, олар мүлде келмейді. Себебі біреу – жалақы өте төмен. Келген адамға қосымша жарты бірлік қосып беріп, жұмыс істеуіне әрең көндіресін. Мұндай мамандық иелерінің көбі нәпақасын басқа саладан іздейді, – дейді ол.

Оның сөзінше, арнайы белгіленген жылда мемлекет ең бірінші олардың жалақысының артуына ықпал жасауы қажет.

«Биыл оқуға қабылданған 5308 студенттің 2231-і жұмысшы мамандықтар бойынша білім алады. Халықаралық талаптарға сәйкес, облыста шетелдік оқу орындары, ірі кәсіпорындармен екіжақты әріптестік байланыс орнату, жаңа технологияларды пайдалана отырып кадрлар даярлау жүзеге асырылуда. Бұл ретте 2023 жылы колледждерді бітіруші 5293 студенттің 4585-і жұмысқа орналасып, көрсеткіш 86,6% құраса, мемлекеттік тапсырыспен бітірген 3401 студенттің 2903-і жұмысқа орналасып, көрсеткіш 85,4% болды. 2024 жылы колледждерді 5895, оның ішінде 3916 студент мемлекеттік тапсырыспен оқуын аяқтады. 4986 бітіруші жұмысқа орналасып, көрсеткіш 84,5%, мемлекеттік тапсырыспен бітірген 3230 студент жұмысқа орналасып, көрсеткіш 82,4%-ды құрады. 2025 жылы колледждерде 5555 студент оқуын аяқтады» деп көрсетеді облыстың білім басқармасы өз ресми мәліметінде.

ҚОЛДАУ БІР ЖЫЛМЕН
ШЕКТЕЛМЕУІ КЕРЕК

Қазір республикада 770 колледж бар болса, соның 600-ден астамы салаға қатысты мамандық даярлап келеді. Қазір аталған оқу орындары елдегі сұранысты қамту үшін білім гранттарын да көбейткен.

Бұл үрдіс біздің облыста да қалыптасқан-дай. Қазір өңірде 28 арнайы оқу орны бар. Соның ішінде 19 колледж 45 жұмысшы мамандық бойынша білім береді.

«Биыл оқуға қабылданған 5308 студенттің 2231-і жұмысшы мамандықтар бойынша білім алады. Халықаралық талаптарға сәйкес, облыста шетелдік оқу орындары, ірі кәсіпорындармен екіжақты әріптестік

байланыс орнату, жаңа технологияларды пайдалана отырып кадрлар даярлау жүзеге асырылуда. Бұл ретте 2023 жылы колледждерді бітіруші 5293 студенттің 4585-і жұмысқа орналасып, көрсеткіш 86,6% құраса, мемлекеттік тапсырыспен бітірген 3401 студенттің 2903-і жұмысқа орналасып, көрсеткіш 85,4% болды. 2024 жылы колледждерді 5895, оның ішінде 3916 студент мемлекеттік тапсырыспен оқуын аяқтады. 4986 бітіруші жұмысқа орналасып, көрсеткіш 84,5%, мемлекеттік тапсырыспен бітірген 3230 студент жұмысқа орналасып, көрсеткіш 82,4%-ды құрады. 2025 жылы колледждерде 5555 студент оқуын аяқтады» деп көрсетеді облыстың білім басқармасы өз ресми мәліметінде.

Салалық басқарма берген мәліметке сүйенсек, студенттерді әлеуметтік қолдау мақсатында 2024 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап колледждерде білім алушы студенттердің шәкіртақысы 50%-ға артқан. Айталық, Арал, Қазалы аудандарындағы колледж студенттері 65 мың, қалған аудандар мен Қызылорда қаласында білім алатын студенттер 56 мың теңге шәкіртақы алады екен.

Сонымен қатар, «Жұмысшы мамандықтар жылында» «Мансап қолпасы» платформасы арқылы 5000 оқушыға кәсіби бағдар беру, 20 мың оқушыға кәсіпорын базаларына экскурсиялар ұйымдастырылып, 40 мектеп базасында бейінді сынныптар ашылған. 1500 оқушының қатысуымен «JasSkills», «JuniorSkills» шеберлік конкурстары өткен. Колледждер базасында 300 кәсіпорын мен

бизнес өкілдерінің қатысуымен бос жұмыс орындарының жәрменкесі мен ашық есік күндері ұйымдастырылыпты.

– Мемлекет басшысы жариялаған атаулы жылдың маңызы сол, бұл – тек бір салаға маман дайындау емес, елдің экономикасының тірегі саналатын мамандықтардың маңызын қайта бағалау. Яғни кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртып, еңбек адамының мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды бастама. Жұмысшы – заманауи технологияны меңгерген, еңбек нарығында сұранысқа ие білікті маман. Біздің колледж қазір 31 біліктілік бойынша мамандар дайындайды. 2430 білім алушы дәріс алады. Аталған жыл аясында дуальді оқыту кеңейіп, өндіріс орындармен бірлескен жобалар жүріп жатыр. «Агрономия», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және пайдалану», «Ветеринария», «Электрмен қамтамасыз ету», «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылар», «Теміржолдың вагондар мен рефрижераторлы және техникалық қызмет көрсету» мамандықтар бойынша 368 студент дуальді оқыту технологиясымен білім алады, – дейді И.Әбдікаримов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі директорының орынбасары Бауыржан Ермұхан.

Қазір колледждің өндірістік сабақтары Ы.Жақасов атындағы Күріш шаруашылығы ҒЗИ-да, Электр тораптарын тарту компаниясында, Автомобиль жөндеу мекемелерінде, Тепловоз жөндеу цехында тәжірибелі мамандардың басшылығымен өтіп жатқан көрінеді. Сондай-ақ биыл ауыл шаруашылығы, политехникалық, мұнай-газ, теміржол мамандықтарын 152 студент бітірген. 45 түлек мамандығымен жұмысқа орналасып, кейбірі жоғары оқу орнын жалғастырыпты. Кейбір бітірушілер мамандығымен дәнекерлеу, автомобильге қызмет көрсету, гимнасттарды электрлендіру, мал дәрігерлігі арқылы жеке кәсіптерін ашыпты.

– Менің ойымша, жұмысшы жалақысы – мамандықты бағалауды анықтайтын ең басты көрсеткіштің бірі. Жалпы жоғары жалақы мен бонустар жұмысшы мамандықтарының ролін ел ішінде көтермелейді. Дәл осы жағдай күн тәртібінде кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Екіншіден, әлеуметтік қорғауда еңбек шарттарын заңмен реттеу жұмысшылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, маман даярлауда сапасын жоғарылату білім беру жүйесіне тікелей байланысты. Қазір дуальді оқыту жұмысшы мамандарды даярлаудың тиімді жолы болып отырғаны рас. Тағы бір ата кетер жайт, облыстағы жана кәсіпорындардың көптеп ашылуы мамандардың жұмысқа келергісіз тұруын тездетеді, – деп ой қорытты колледж директорының орынбасары.

Бауыржан Ермұханның айтуынша, бүгін ғана қолына диплом алған жасты ешкім де жайлы орынға жайғастыра салмасы анық. Қоғамда да көп ретте жастардың жұмысшы мамандықтарына жиі бара бермейтінді айтылады. Сондықтан Үкімет қолдау білдірген кәсіпкерліктің қызмет көрсету саласында жастардың өз жұмысшы мамандығымен жеке кәсіп ашуға мүмкіндіктің берілгені қуанышты-ақ тұр.

Сөз басында Үкімет отырысын айтқан едік. Сол жиында экономиканың басты өндірістік қуаты – кәсіби жетік менгерген жұмысшы мамандар екенін айтқан Премьер-министр Олжас Бектенов жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтауды тапсырғаны белгілі. Артынша «Отбасы банк» тарапынан «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы іске қосылды. Аталған қолдау шарасы да Үкіметбасы айтқандай, жұмысшы мамандық өкілдері арнайы жеңілдетілген бағдарламамен үйлі болып, салаға деген қызығушы буынның қатарын арттырмай ма? Әрі жоғарыда айтқандай, жалақысы жоғары болса, мұндай еңбек адамының да көңілі хош, базары бақыт. Өз Отанының мүддесі үшін бар жігерін аймай қызмет қылары анық.

Түйін. Жыл соңына таяп қалды. Ал жұмысшы жұртта атаулы жылдың қолдауы бір жылмен тоқтамаса деген тілек бар. Сонда ғана әр салада тер төгіп жүрген азаматқа, яғни құрылысшы, дикан, жүргізуші, шахтер, кенші және басқа да көптеген қарапайым жұмысшы өкіліне құрмет арта береді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

«ҚОЖАҚ» КӨПІРІ ҚАЙТА ЖАНҒЫРДЫ

«Қызылөзек» ауылында кіреберіс қақпа саналған «Қожақ» көпірі қайта жаңғырды. Қаншама жыл апатты жағдайда тұрған көпір жаңа кейіпке енді.

Көпірдің ашылу рәсіміне қала әкімі Нұржан Ахатов, ел ағалары, ардагерлер, жауапты сала мамандары, зиялы қауым өкілдері және ауыл тұрғындары қатысты.

– Кейінгі екі жылда Сыр өңірінің бас шаһарында 3 көпірдің құрылысы жүргізілді. Өуежайдан қалаға дейінгі 3 көпір қайта жаңғыртудан өтсе, 2 көпір күрделі жөндеуден өткізілді. Қазір Жанқожа батыр көшесі арқылы теміржол астынан өтетін көпірдің құрылысы салынуда. Сондай-ақ Бейбарыс Сұлтан мен Жаппасбай батыр көшелеріндегі теміржол үстінен өтетін көпір қайта жаңғыртудан өтті. Осындай игі іс «Қызылөзекте» жалғасын тауып отыр. «Қожақ» көпірі 1960 жылы салынған. Кездесулерде көпірге жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы жиі айтылды.



Сол талап-тілек орындалып, көпір қайта жаңғырды. Облыс әкімінің қолдауымен облыстық бюджеттен 300 миллион теңге бөлінді. Осы тұста құрылысты сапалы жүргізген «N Строй Сервис» ЖШС ұжымына алғыс білдіреміз. Ұлтымызда жол, көпір салу, ағаш егу сауапты іс саналған.

Биыл ауылдың инженерлік инфрақұрылымын дамытуға 1 млрд 600 млн теңге қаржы бөлініп, жұмыс қарқын алды. Қазір мұнда ойын алаңын салу, жол жөндеу және жарықтандыру, абаттандыру ісі жүйелі жүргізілуде. Сондай-ақ ауылға «көгілдір отын» жеткізуге байланысты 26 млн теңгеге газландырылуы жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптамаға жіберілді, – деді қала әкімі.

Одан әрі облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов ауыл халқының қуанышына ортақ екенін айтып, «Қызылөзектің» тарихына, кезінде қой шаруашылығын дамытуда үздік елді мекен болғанына тоқталды. Қала іргесінде орналасқан шағын ауыл бір

кездері ет-сүт бағытында мол өнімге қол жеткізіп, өңірді қамтамасыз етуге үлкен үлес қосқан. Бұл ауылдан талай еңбек озаты шыққан.

Ауыл ақсакалы Рысбай Мырзатай каналдың кезінде қолмен қазылғанын айтып, қысқаса тарихына тоқталды. «Қожақ» деген аламын есімі. Ол кісі көпірдің салынуына бастамашыл болғанын кейін есімімен аталып кеткен. Ал көпір құрылысының сапалы жүргізілуіне жауапты «N Строй Сервис» серіктестігінің мастери Ержан Әбдіраманның айтуынша, құрылыс осы жылдың мамыр айында басталып, оған 15 адам, 3 техника жұмылдырылған. Ескі көпір толық жаңғыртылып, екі жолақты 400 метр жол салынған.

Құрылысты жүргізген мекеме қызметкерлері қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Сыр бойы

ҚАЖАТ

№160 (21036) 21 қазан, сейсенбі 2025 жыл

4

Жоба

2025-2026 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар қадрларды дайрлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар қадрларды дайрлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиемен мен оқуға, орта білім беруіне және балаларға қосымша білім беруіне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қатнастарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №29233 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. 2025-2026 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар қадрларды дайрлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

2025 жылғы « _____ » _____ қаулысымен бекітілген

2025-2026 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар қадрларды дайрлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар қадрлардың (сәйкес бағдарламалары) білім беру ұйымдары атауы	Мамандық (біліктілік) атауы	9-сынып (басасында (орын саны)	1-сынып (басасында (орын саны)	Жетісін (басасында (орын саны))	Жетісін (басасында (орын саны))
Қызылорда облысының білім басқармасының «АМ. Мамонтов атындағы Қызылорда педагогикалық және техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	Мамандық (біліктілік) атауы	9-сынып (басасында (орын саны))	1-сынып (басасында (орын саны))	Жетісін (басасында (орын саны))	Жетісін (басасында (орын саны))
011201000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту				
4801120102	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	18		524,8	
5A801120101	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры		25	524,8	
011301000	Топонимика		26	524,8	
5A801130101	Топонимика қолданбалы бакалавры				
011401000	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі				
4801140101	Бастауыш білім беру мұғалімі	44		524,8	
011402000	Музыкалық білім беру				
4801140201	Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі	16		524,8	
011403000	Көркем сөз				
4801140301	Көркем сөз мұғалімі	14		524,8	
011405000	Дене тәрбиесі және спорт				
4801140501	Дене тәрбиесі мұғалімі	18		524,8	
011406000	Негізгі орта білім беретін тіл мен әдебиетті оқытуды педагогикасы мен әдістемесі				
4801140601	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	38		524,8	
4801140602	Ресей тілі мен әдебиеті мұғалімі	18		524,8	
4801140605	Шетел тілі мұғалімі	45		524,8	
011407000	Информатика				
4801140701	Бастауыш және негізгі орта білім беруін информатика мұғалімі	27		524,8	
021510000	Халықтар көркем шыармашылығы (түрлері бойынша)				
4802151001	Көркемөнерпаздар хорореграфиялық ұжымдарын жетексін, оқытуды	11		1630,2	
061301000	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)				
4806130103	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды қарастырушысы	18		524,8	
041302000	Логистика (салалар бойынша)	267			
4804130202	Экспедитор	25		532,7	
053201000	Топонимикалық суретке түсіру, пайдалы казба кен орындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)				
4805320103	Техник-геодез	24		532,7	
071301000	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)				
4807130101	Техник-электр	25		575,9	
071302000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)				
4807130202	Техник-электр	22	15	575,9	
071303000	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары				
4807130303	Техник-жылу энергетикасы	18		575,9	
071304000	Жылу техникалық жабдықтар және жылу мен жабдықтар жүйелері (түрлері бойынша)				
4807130403	Техник-жылу техник	16		575,9	
071307000	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)				
4807130704	Техник-электромеханик	25		575,9	
4807140504	Техник-электроник	25	16	532,7	
071407000	Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінеді қолғағысты басқару				
4807140703	Техник-электромеханик	25		532,7	
071409000	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар				
4807140902	Телекоммуникациялық байланыс жүйелері	25		532,7	
071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)				
4807150502	Техник-механик	25		575,9	
071603000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану				
5A807160301	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану қолданбалы бакалавры		25	575,9	
071605000	Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету				
4807160503	Техник-электромеханик	25		575,9	
071606000	Темір жолдың вагондар мен рефрижераторы жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету				
4807160603	Техник-электромеханик	25		575,9	
071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану				
4807161304	Техник-механик	25		575,9	
071616000	Ауыл шаруашылығы механикаландыру				
4807161604	Техник-механик	25		575,9	
072201000	Сүт және сүт өнімдерін өндіру				
4807220103	Техник-технолог	16		575,9	
072201000	Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру				
4807220105	Техник-технолог	18		575,9	
073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану				
4807320106	Техник-құрылысшы	25	23	575,9	
073201000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану				
4807320103	Техник-құрылысшы	19		575,9	
073208000	Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы				
4807320803	Техник-жолшы, құрылысшы	25		575,9	
073212000	Табан қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану				
4807321202	Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану техник	17		575,9	
073214000	Гидротехникалық мелiorация				
4807321402	Гидромелиоратор-техник	20	25	575,9	
081101000	Агрономия				
4808110103	Агроном	15		532,7	
082101000	Орман шаруашылығы				
4808210104	Техник-орман патолог	25		532,7	
084101000	Ветеринария				
4808410104	Ветеринариялық техник	25	19	532,7	
4808410105	Ветеринариялық фельдшер	25		532,7	
104102000	Темір жол көлігіне тасымалдауды ұйымдастыру және қолғағысты басқару				
4810410205	Тасымалдауды ұйымдастырушы техник	24		575,9	
	Барлығы	609	123		
021501000	Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)				
4802150101	Концертмейстер, балалар музыка мектебін оқытудышы	6		1630,2	
4802150102	Әркетті әртіс (интерпрет), балалар музыка мектебін оқытудышы	16	2	1630,2	
4802150103	Халық аспаптар оркестрін әртіс (интерпрет), балалар музыка мектебін оқытудышы	29	2	1630,2	
021503000	Вокалдық өнер				
4802150301	Академиялық өн сәу әртіс, балалар музыка мектебін оқытудышы	8	2	1630,2	
4802150302	Джаз өн сәу әртіс, балалар музыка мектебін оқытудышы	5		1630,2	
021504000	Хорды дирижлеу				
4802150401	Хормейстер, оқытуды	10		1630,2	
021507000	Хореографиялық өнер				
4802150702	Танецтің балет және балет мектебін оқытудышы	11	1	1630,2	
	Барлығы	85	7		
091101000	Стоматология				
4809110102	Дантист	55		532,7	
092101000	Гмдеу ісі				
4809210101	Фельдшер	99		532,7	
092101000	Мейіргер ісі				
4809210101	Жалпы практикадағы мейіргер	71		532,7	
5A809130101	Мейіргер ісін қолданбалы бакалавры		75	532,7	
091401000	Лабораториялық диагностика				
4809140101	Медициналық зертханашы	23		532,7	
091601000	Фармация				
4809160101	Фармацевт	24		532,7	
098801000	Медициналық-профилектикалық іс				
4809880101	Гигиеніст-эпидемиолог	22		532,7	
	Барлығы	248	121		
0411401000	Маркетинг (салалар бойынша)				
3W041140101	Сату	20		532,7	
071302000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)				
3W07130201	Электр монтаждаушы (салалар бойынша)	20		575,9	
071405000	Сандық техника (түрлері бойынша)				
3W07140501	Сандық техниканы монтаждаушы-монтажер	20		532,7	
071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану				
3W07161302	Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	40		575,9	
073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану				
3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	15		575,9	
081103000	Жеміс-көкөніс шаруашылығы				
3W08110304	Жеміс өсіруді	15		532,7	
061301000	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)				
4806130103	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды қарастырушысы	25		532,7	
3W07150301	Топонимика	15		575,9	
071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)				
3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	20		575,9	
071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану				
3W07161301	Автомобиль жөндеу сексі	20		575,9	
073201000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу				
3W07320105	Моделер-швей	20		575,9	
073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану				
3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	19		575,9	
	Барлығы	100	19		

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазақ көлік-техникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	06120100	Есептеу техникасы және апаратық жабдықтар (түрлері бойынша)							
	3W06120101	Компьютерлік апаратық қамтамасыз ету операторы	17		532,7				
	071407000	Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіне қолғағысты басқару							
	3W07140702	Сигнал беру, орталықтандыру және бағуаттау құрылғылары қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер (Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша))	20		532,7				
	071505000	Электрғазымен дәнекерлеуші							
	3W07150501	Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	20		575,9				
	071605000	Локомотив машинистінің көмекшісі (түрлері бойынша)							
	3W07160501	Техник-электромеханик	25		575,9				
	4807160503	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану	25		575,9				
	073201000	Ағаш ұстаы және паркет жұмыстарының шебері							
3W07320102	Барлығы	87	45						
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	06120100	Есептеу техникасы және апаратық жабдықтар (түрлері бойынша)							
	4806120102	Жеміс және жүйелі әзімшелеудіру техникі	20		532,7				
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
	4807150502	Техник-механик	20		575,9				
	071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	20		575,9				
	4807161304	Техник-механик	20		575,9				
	073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану							
	3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	15		575,9				
	081103000	Жеміс-көкөніс шаруашылығы							
	3W08110304	Жеміс өсіруді	15		532,7				
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	084101000	Ветеринария							
	4808410104	Ветеринариялық техникі	15		532,7				
	101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру							
	3W10130302	Аспаны	19		575,9				
		Барлығы	94	30					
	071301000	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)							
	3W07130101	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	20		575,9				
	073201000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу							
	3W07320101	Тігінші	19		575,9				
	101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру	20		575,9				
3W10130302	Аспаны	20		575,9					
	Барлығы	20	39						
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	071301000	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)							
	3W07130101	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	20		575,9				
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
	3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	19	15	575,9				
	071616000	Ауыл шаруашылығы механикаландыру							
	3W07161603	Ауыл шаруашылығы өндірісін тракторист-машинисті	19		575,9				
	101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру							
	3W10130302	Аспаны	20	15	575,9				
		Барлығы	78	30					
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	15		575,9					
071616000	Ауыл шаруашылығы механикаландыру								
3W07161603	Ауыл шаруашылығы өндірісін тракторист-машинисті	15		575,9					
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану							
	3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	20		575,9				
	101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру							
	3W10130302	Аспаны	18		575,9				
		Барлығы	30	38					
	053202000	Пайдалы кабы кен орындарын іздеу мен барлаудың технологиясы мен техникасы							
	3W05320202	Барлығы	20		575,9				
	061201000	Есептеу техникасы және апаратық жабдықтар (түрлері бойынша)							
	3W06120101	Компьютерлік апаратық қамтамасыз ету операторы	20		532,7				
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	21	17	575,9					
071616000	Ауыл шаруашылығы механикаландыру								
3W07161603	Ауыл шаруашылығы өндірісін тракторист-машинисті	19		575,9					
073201000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу								
3W07320102	Тігінші	17		575,9					
073201000	Пайдалы кабыл кен орындарын ашық тау								
3W07320101	Жекапарат машинисті	19		575,9					
082101000	Орман шаруашылығы								
3W08210102	Дүңгірші	18		532,7					
101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру								
3W10130302	Тігінші және жылдай қорғу (салалар бойынша)	22		575,9					
103202000	Тігінші және жылдай қорғу (салалар бойынша)								
3W10320201	Құтқарушы	23		575,9					
	Барлығы	162	34						
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	061201000	Есептеу техникасы және апаратық жабдықтар (түрлері бойынша)							
	3W06120101	Компьютерлік апаратық қамтамасыз ету операторы	25		532,7				
	071301000	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)							
	3W07130101	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	21		575,9				
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
	3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	23		575,9				
	071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану							
	3W07161302	Автомобиль жөндеу слесарі	21		575,9				
	073201000	Ауыл шаруашылығы механикаландыру							
	3W07320102	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	20		575,9				
073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану								
3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	15		575,9					
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	073211000	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін инженерлік жүйелермен қамтамасыз ету және пайдалану							
	3W07321101	Сәуірші-сәуірші	20		575,9				
	081103000	Жеміс-көкөніс шаруашылығы							
	3W08110304	Жеміс өсіруді	15		532,7				
	084101000	Ветеринария							
	3W08410103	Ветеринариялық санитар	20	17	532,7				
	101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру							
	3W10130302	Аспаны	19		575,9				
		Барлығы	170	62					
	071301000	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)							
3W07130101	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	25		575,9					
071405000	Сандық техника (түрлері бойынша)								
3W07140502	Электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик	52		532,7					
071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)								
3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	24		575,9					
072140000	Ағаш өндірісі								
3W07214005	Ағаш және жылдай өндірісін механик	22		575,9					
073201000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	20	19	575,9					
073201000	Ағаштың тігінші	12		575,9					
073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану								
3W07320102	Ағаш ұстаы және паркет жұмыстарының шебері	20		575,9					
3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	20		575,9					
101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру								
3W10130302	Аспаны	63		575,9					
	Барлығы	218	80						
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	071405000	Сандық техника (түрлері бойынша)							
	3W07140502	Электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик	25		532,7				
	071409000	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар							
	3W07140901	Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромеханикаландыру-реттеуші	25		532,7				
	073201000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	20		575,9				
	3W07320102	Ағаштың тігінші	20		575,9				
	101303000	Тамашаландыруды ұйымдастыру	20		575,9				
	3W10130302	Аспаны	45	25	575,9				
		Барлығы	135	45					
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	23	19	575,9					
071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану								
3W07161301	Автомобиль жөндеу слесарі	24		575,9					
4807161304	Техник-механик	20		575,9					
073207000	Ауыл шаруашылығы мен аэродромдар құрылыс және пайдалану								
3W07320702	Ауыл-құрылыс машиналарының механик	24		575,9					
073104000	Фарфалық техника								
3W07310402	Фарфалық техника	25		532,7					
073201000	Ғимараттар мен құрылыстар салу және пайдалану								
3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	25		575,9					
	Барлығы	116	44						
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	01400100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен дүниежүзі							
	4801140101	Бастауыш білім беру-мұғалім	27		524,8				
	014006000	Тегін орта білім беру тегін мен әлеуметтік оқытудың педагогикасы мен дүниежүзі							
	4801140601	Адам тілі мен әдебиеті мұғалімі	18		524,8				
	4801140605	Тегін тіл мұғалімі	17		524,8				
	014008000	Әлеуметтік-экономикалық спорт							
	4801140501	Әлеуметтік-экономикалық спорт	16		524,8				
	014017000	Информатика							
	4801140701	Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі	25		524,8				
	02202000	Қызыл дүние							
4802202000	Қызыл дүние	22		575,9					
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	061201000	Есептеу техникасы және апаратық жабдықтар (түрлері бойынша)							
	4806120102	Жеміс және жүйелі әзімшелеудіру техникі	20		532,7				
	061202000	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыздауды қолдау операторы							
	4806120201	Аппараттық қолдаушы	22		532,7				
	061203000	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	48		532,7				
	071505000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)							
	3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	22		532,7				
	073202000	Уақ дайындау							
	4807130202	Аппараттық жүйелер техникі	22		532,7				
	073203000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)							
4807130202	Техник-электрик	14		575,9					
071403000	Мехатроника (салалар бойынша)								
3W07140301	Мехатроникалық жүйелер монтаждаушы-реттеушісі	15		532,7					
Қызылорда облысының білім басқармасының «Ақпараттық технологиялар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызылдық секторы	071404000	Робототехника және кірістірілген жүйелер (салалар бойынша)							
	3W07140402	Робототехникалық жүйелер мен кенепердің монтаждаушы-реттеушісі	14		532,7				
	071613000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану							
	3W07161302	Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	25		575,9				
	4807161304	Техник-механик	24		575,9				
	073212000	Табан қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану							
	4807321202	Табан объектілерін құрылыс-жабықшыны пайдалану техникі	16		575,9				
	101501000	Түрліз							
	4810501004	Түрліз менесері	23		575,9				
		Барлығы	390	0					

/// МЕРЕЙ

ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Өңірдегі білімнің қарашаңырағы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде биология, география және химия білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты Есенжол Назаров ердің жасы – елуге келді. Елу – ел алдында елеулі ісі бар азаматтың жауапкершілігі артатын шағы. Есенжол Асылбекұлы үшін де бұл белес – тоқмейілсу емес, тың серпінмен жаңа биіктерге ұмтылатын, ел болашағының дамуына үлес қосатын, өртен үшін еңбек ететін тағы бір мүмкіндік. Мемлекеттік қызметтен ғылым мен білімге, халықаралық тәжірибеден отандық жүйеге дейінгі жолда ол жастар жанашыры ретінде ұстанымы берік, мақсаты айқын тұлға болып қалыптасты.



мүмкіндік бермегенін, сонда да әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің тарих мамандығы бойынша түлегі екендігін мақтанышпен еске алады. Оның анасы Балдай Нұрдиқызы да мұғалім, ұстаздар отбасында тәрбиеленген алты баланың төртеуі ұстаздық жолды таңдап, Есенжол мен Гүлмираның ғылым кандидаты атануының сыры осында жатса керек-ті.

«Қыран құс түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» дегендей, шәкірт тәрбиелеу саласында ұстаздардан алған тәлім-тәрбиенің берері мол. Ұстаз еңбегі – ізгіліктің інжуіндей қымбат екені де анық. «Ұстазды атаңнан да әзіз тұт» ұстанымындағы Есенжол осы жолда қандай жетістікке жеткен болса, ұстаздары Құдайберген Балтаев пен Толыбек Досайұлына қарыздар екендігін де ұмытқан емес. Сонымен бірге Болат Арыстанбаев, Нұрадин Дарқұлов сынды елге белгілі ағаларының салған жолымен жүріп, Гүлбарам Сәдуақасқызы, Әнипа Сейдалықызы, Гүлмира Мынбайқызы, Сәуле Маратқызы сынды жанашыр ұстаздарының қамқорлығын көріп өсті. Еңбек жолында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өңірге белгілі азамат Қылышбай Алдабергелұлынан еңбек әдебин, тәртіп пен талаптың маңызын, жұмысқа деген жауапкершілік, сөзге бе-

ріктік, іскерлік пен әділеттілікті үйренді.

Осы аталған ұстаздарынан алғанын өзі де шәкірттеріне бере білгенінің дәлелі болса керек. Гүлбану Жаксылықова, Марат Сыздықбаев, Нұрбол Аппазов, Нұрлыбек Ахатаев сынды шәкірттерінің арасынан ғылым кандидаттары шығып, ел дамуына нәтижелі үлес қосып жүр.

Есенжол Асылбекұлының жаналыққа ұмтылуы, үздіксіз ізденіске деген талпынысы оны Германия мен Бакуге сапарлатты, ал Ұлыбританиядағы әйгілі Рединг университетінде тағылымдамадан өтуі – кәсіби шыңдалу жолындағы маңызды белестерінің бірі болды. Ол 3 монография, 2 патент және алпысқа жуық мақаланың авторы. Президенттің Алғыс хаты мен министрліктің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ұжымда беделді, әр сөзі мен ісіне мұқият, биік талаптарымен дараланған Есенжол Асылбекұлы – табандылық пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдыра алған шынайы көшбасшы. Ол қойған мақсатына жете алатын жігерге ие, кез келген істің нәтижелі болуын ойлайтын мықты ұйымдастырушы, шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленген ұстаз.

Кез келген жетістікке жеткен азаматтың артында ақылды әйелдің ерекше еңбегі тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. Есенжолдың жанұясындағы жылулық жары Ақмарал Жүнісқызымен арасындағы сүйіспеншілік пен сыйластыққа негізделгенін байқайсың. Тірілігі мен бірігі үйлесім тапқан қос ұстаздың отбасында үш перзент тәрбиеленуде. Қызы Жанерке мен ұлы Қылышбай әл-Фараби атындағы ҚҰУ студенттері, кенжесі Мәдір №101 мектептің 10-сынып оқушысы. Оның отбасында анаға деген махаббат, әкеге деген құрмет, балаға деген қамқорлық үйлесім тапқан.

«Ат тұяғын тай басар» деген қазақта әдемі сөз бар. Асылбектей әкелен тарап, Балдай аنامыздың тәрбиесін көріп, елге танымал азаматтардан тәлім алған Есенжолды бергені де, әлі де берері де мол азамат ретінде бағалаймыз.

Аяғөз ӘБДІРАЗАҚОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, баспа ісінің магистрі



тасын алып, ықпалсына бөленуге ұмтылды. Артында өшпес іс бол өлмес іс қалдыруға барын салды. Нақтылай айтар болсақ, комбинаттың қаржылай қолдауымен үйлер салынып, көшелер көріктене түсті. Сәкеннің қамқорлығымен тұрғындар кәсіпорнын несібе теріп, тұрмыстарын түзей түсті.

Сейтжан аға қызметін қалтқысыз атқаруымен ғана шектелмей, қоғамдық жұмыстардан да қалыс қалмайтын. Ауыл тұрғындарының аманатын аралаған ол заманында дүркіреп тұрған аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып тұрақты түрде сайланды. Осында жүріп Қазақстан Компартиясының XV съезіне делегат болып сайлануы екі адамның бірінің басына бұйыра бермейтін бақ болатын.

«Аралтұз» комбинатында атқарған қыруар қызметін санамалап айту әсте мүмкін емес. Біздің бұлай тоқтам жасауымызға Сәкен басқарған жылдары аты әлемге мәшһүр болған комбинаттың Бүкілодақтық Социалистік жарыстың жыл сайын жеңімпазы атанып, Қызыл туды тұрақты түрде ұстап тұрғаны сеп болып отыр.

Еңбекті елеу, азаматқа лайықты құрмет көрсету, халық болып ризашылық таныта білу де – елдіктің, қоғамдық кемелдіктің белгісі. Сейтжан Досжановтың ел мүддесі жолындағы еңбегі ескерусіз қалмай, мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Өнеркәсіп саласының еңбек сіңірген қызметкері», «Азық-түлік саласының еңбек сіңірген қызметкері» атақтарына ие болып, Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президумының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Сондай-ақ «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь революциясы» ордендерін, ондаған еңбек және мерекелік медальдарын иеленді.

Сейтжан аға Досжанов 1985 жылы Алматыға қоныс аударып, қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мекемесінің басшысы қызметіне тағайындалса, 1987 жылы «Қапшағай» шаруашылығының басшылығына барды. Қандай қызметте жүрсе де, сол елдің берекесін тасытатын Сәкен бұл ауылды ажарландыруда да өз қолтаңбасын қалдырды. Береке демекші, іскер де ұсынақты басшы кай шаруашылыққа келсе де тіршілігін түзеу қана қоймай, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени мәселелеріне де кірісіп кететін. Абзал аға қызмет еткен бұл ауылда да тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылысы бірінен соң бірі бой көтеріп жататын.

Сейтжан ағамыздың осы ауылда басшылықта жүргенде жасаған ерлікке тән бір еңбегін айтпасақ болмас. Сонау 1970-1980

ЖОБА

«Қызылорда облысында есептеу аспаптары жок тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық кызметтерді тұтыну нормасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі № 531 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысында есептеу аспаптары жок тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық кызметтерді тұтыну нормасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі №531 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5580 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Қызылорда облысында есептеу аспаптары жок тұтынушылар үшін коммерциялық есепке алу аспаптары жок тұтынушылар үшін жылу энергиясын сату бойынша коммуналдық кызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы»;

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакция жазылсын: «1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысында есептеу аспаптары жок тұтынушылар үшін коммерциялық есепке алу аспаптары жок тұтынушылар үшін жылу энергиясын сату бойынша коммуналдық кызметтерді тұтыну нормалары бекітілсін.».

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Н.Нәлібаев
2025 жылғы «___» _____	Қызылорда облысы әкімдігінің №_____ қаулысына қосымша

Қызылорда облысында есептеу аспаптары жок тұтынушылар үшін коммерциялық есепке алу аспаптары жок тұтынушылар үшін жылу энергиясын сату бойынша коммуналдық кызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы нормасы

№	Елді мекеннің атауы	Жылу энергиясының тұтыну нормалары	Өлшем бірлігі	Мәні
1.	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы	Жылыту маусымында көп пәтерлі және жеке тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің нормасы	Гигакалорий	0,0288
2.	Қызылорда облысы Кармакшы ауданы Байқоңыр қаласы	Жылыту маусымында көп пәтерлі және жеке тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің нормасы	Гигакалорий	0,0209
3.	Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті	Жылыту маусымында көп пәтерлі және жеке тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің нормасы	Гигакалорий	0,0221

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы түсті және кара металлдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған екінші санаттағы рұқсаттарды беретін уәкілетті орган ретінде келесіні хабарлайды.

Аталған қызмет бойынша 2025 жылдың 10 қазанына дейін хабарлама негізінде жұмыс жасап, уәкілетті органның рұқсат алмаған заңды тұлғалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы 2025 жылғы 19 мамырдағы № 188-VIII ҚРЗ Заңының 2-бабына сәйкес қызмет көрсетуі тоқтатылды.

Рұқсат алу үшін уәкілетті органға «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы:

1) «Заңды тұлғалардың түсті және кара металлдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 327 бұйрығы;

2) «Түсті және кара металлдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде оларға сәйкестікті растайтын рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 19 шілдедегі №271 бұйрығы негізінде өтінім беруі қажет.

Орман және дала өрттеріне абай болайық!

Табиғат байлығының бірі орман екені барлығымызға белгілі. Олардың қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы өте зор. Айта кетсек, олар су режимін біркалыпты ұстап, топырақты түрлі эрозиялардан сақтап қана қоймай, ауаны улы газдардан тазартып, оттегі бөліп отырады. Табиғат тепе-теңдігін сақтап тұршының негізгі себепшісі – орман. Алайда орман қорындағы өртүрлі өсімдіктер мен жануарларға үлкен залал тигізетін қатердің бірі өрт болып табылады. Өрттің негізгі себептеріне тоқталсақ, олардың табиғи факторлар есебінен болатыны өз алдына, адамзат тарапынан себепші болуы басты мәселе болып қала береді.

Қызылорда облысындағы құрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы орман, дала өртінің тез өріс алуына мүмкіндік туғызды. Өрт қаупіті кезеңінде орман және дала өрттерінің өсуі көбінесе аумақты қажет емес қалдықтардан тазарту және ауыл шаруашылығы жерлерінде қажет емес өсімдіктерді немесе қалдықтарды жағу жұмыстарын жүргізу барысында кездеседі. Ауыл шаруашылығы жерлерін және қалдықтарды жағу жұмыстарын жүргізу кезінде тиісті бақылау жүргізілмеуінен, шаруашылықтарда минералданған жолақтарының болмауынан жақын орналасқан орман алқаптарына жалын тарап, артынша түзелмейтін шығынға әкеліп соқтырады.

Облыс тұрғындары төменде көрсетілген ережелерді сақтауыңызды сұраймыз:

– шабындық, егістік, орман алқаптарында қураған шөптерді, қоқыстарды өртеуге және бақылаусыз қалдырмауға жол бермеуді; – ауа райы құрғақ, ыстық және қатты жел кезінде алау жаппауды; – демалыс орнынан кетерде алауға су құйып, құм немесе топырақ сеуіп кетуді, жанып жатқан қалдықтар мен сірікнені лақтырмауды; – егер өрт аумағында болсаңыз, өзіңіздің күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап, құтқару қызметіне 101, 112 нөмірі арқылы хабарлауды.

Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметі, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен мобильдік топтармен әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертеміз. Қазіргі таңда мобильдік топтармен орман, тоғайлы, далалық және егістік алқаптарда рейдтік шаралар жүргізілуде.

Өрт – тілсіз жау. Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт оқиғаларын болдырмау үшін қарапайым өрт қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпайық!

«Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ



«СЫРДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ТӘНТІ ЕТТІ»

Шиегіе мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, публицист Алтыншаш Жағанова келді. Аудан әкімдігінде мәртебелі қонақпен кездесу ұйымдастырылды. Алқалы жиынға аудандық мәслихат төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы, мәдениет пен білім саласының өкілдері, ардагер ұстаздар мен жастар және Алтыншаш Қайыржанқызының бірқатар замандасы арнайы келді.

Жиынды жүргізген аудан әкімі Айтбай Жанарбеков мемлекет және қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанованың қарымды қаламгерлігімен қатар Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы еселі еңбектерін тілге тиек етті.

— Сіз елдің рухани жаңғыруына, әйел әдеби мен ұлттық мәдениеттің дамуына зор еңбек сіңірдіңіз. Шығармаларыңыз және қоғамдық қызметіңіз жас ұрпақ үшін үлкен өнеге. Аудан халқы еңбегіңізді жоғары бағалайды, — деген аудан басшысы мәртебелі мейманға Шиегі ауданының Құрмет грамотасын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

Шиегі ауданы әйелдер кеңесінің төрайымы Нойла Палымбет, ардагер ұстаз Нәзира Парманкулова және қоғамдық ұйымдар басшылары, тілкетес ағайындар өз ықыластарын білдіріп, биыл сексен жасын тойлайтын қайраткерге ұзақ

ғұмыр мен шығармашылық шабыт тіледі. Өз кезегінде қоғам қайраткері Алтыншаш Қайыржанқызы да аудан басшылығы мен құрмет көрсеткен жерлеріне жылы лебізін білдірді.

— Мен үшін Шиегі ерекше ыстық. Бірнеше шетелде болдым. Қазақстанның екі жүзден астам аудандарын аралап, елмен қауыштым. Алайда, мен үшін ең қымбат адамдар бірқатары осы Шиегіде тұрады. Бүгін шырайлы өлкенің одан сайын жаңарып-жаңғырып жатқанына куә болып отырмын. Ал Сыр өңірінің жаналықтары мен жаңашылдығына тіптен таңғалудамын. Жасай беріңдер, жанара беріңдер, — деп ізгі ниетін ерекше ықыласпен жеткізді. Аудан өнерпаздары әуезді әуенмен жұртшылықты серпілтіп, кездесудің сәнін келтірді.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиегі ауданы



БИІГІҢ АЛАСАРМАСЫН, БЕКСҰЛТАН!

Болашақта бұл жолды Бексұлтанның сөзсіз жалғайтынына көзіміз жетті.

«Адамзаттың бәрін сүй» тақырыбымен өткен екі күндік аламанда елдің ең мықты ақындары ұлт өнерінің абыройын асқақтатты.

Бас бәйгені белгілі айтыскер Айбек Қалиев жеңіп алды. Оған Астана қаласынан бір пәтер табыс етілді. Сондай-ақ көрерменнің көңілін тапқан Сара Токтамысоваға да бір пәтер берілді.

1,5 миллион теңгелік 2-орындар Серік Қуанған мен Нұрбол Жауынбайға бұйырды. Нұрбол Жауынбайға да қосымша көлік берілді. 1 миллион теңге сыйы бар 3-орынды Мейірбек Сұлтанхан мен Дидар Қами алды.

Ақындарға осылайша, ерекше мол сыйлықтар бұйырды. Ал біз «Ақынның іздеген ел бақытты» деген тәмсілдің ақиқатын тағы бір мәрте көрдік.

«СБ» ақпарат

1-бет.



БӘЙГЕ БАСЫ – ҰЛЫТАУДА

Сыр еліндегі дүбірлі додада еліміздің әр аймағынан келген 70-ке жуық шабандоз бақ сынап, жеңімпаздар анықталды.

Атап айтсақ, 5 шақырымдық тай жарыста I орынды Жамбыл облысынан Нұрслам Амангелді, II орынды Шиегі ауданынан Төрхан Бейбарыс, III орынды Жамбыл облысынан Әбіқадыр Санжар жеңіп алды.

1-бет.

11 шақырымдық құнан бәйгеде I орынды Сырдария ауданынан Абдулхамид Рамазан, II орынды Шиегі ауданынан Рамазан Нұрлыбекұлы,

III орынды Жалағаш ауданынан Рауан Нартайұлы иеленді.

15 шақырымдық тоқ бәйгеде I орын Жамбыл облысынан келген Нұрасыл Таңатқа, II орын Алматы облысынан келген Болат Әбдікәрімге, III орын жаңақорғандық Төрхан Сұлтанға бұйырды. 25 шақы-

рымдық аламан бәйгенің I орны Ұлытау облысынан Болат Әбдікәрімге, II орны Жамбыл облысынан Орынбасар Нұрымға, III орны Жамбыл облысынан Мақсат Нұржігітке табысталды. Жүлделі орын иелеріне ақшалай сертификаттар берілді. Осылайша Сыр елінің даңқын асырып, жетістігін әйгілеген мерейлі мереке ұлттық сара сайыспен тартуын толықтыра түсті.

«СБ» ақпарат

/// ТӘРБИЕ ТІНІ

Бүгінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың үзілуі қоғамдағы өзекті мәселенің біріне айналды. Кейбір ата-ана «балам тыңдамайды», «айтқанды істемейді», «өзімен-өзі» деп жиі шағымданады. Ал баладан «мені түсінбейді», «үнемі ұрсады», «менімен сөйлеспейді» деген ішкі наразылық байқалады. Бұл – диалогтың үзілуінің айқын белгісі.

Алайда психолог маман ретінде «Бала тыңдамайды емес, өзін тыңдауға тырысады» деп айтар едім. Бұл – сигнал. Бала – бізге айна. Бала тыңдамайды емес, естілмей жүр. Психологиялық тәжірибемде ата-аналардың бала тәрбиесінде кәсіпкерге жиі ұрынуы баланың эмоциялық қажеттіліктеріне назар аудармауымен байланысты деп тұжырымға келдім. Көп жағдайда бала ата-ананың сөзін емес, оның қарым-қатынас стилін, үнін, көзқарасын, эмоциялық реңкін қабылдайды. Егер ата-ана баланың ішкі жан дүниесіне терең бойламай, тек сыртқы тәртібіне назар аударса, бала «естілмей» қалады.

Балаға бағытталған нақты диалогтың орнына бұйрық береді, қорқытады немесе өзге балалармен салыстырады. Ал бұл баланың өзін бағалауына кері әсер етіп, ішкі күйзелісін арттырады. Диалог біржақты болған жерде байланыс үзіледі. Диалог – тек сөзбен емес, жүреппен тыңдау. Баланың бойындағы агрессия, түйіптік, эмоциялық тұрақсыздық – оның отбасындағы естілмеген дауысының айғағы. Шынайы диалог – бұл тыңдау, түсіну, қабылдау, көзбен байланыс орнату, эмоциялық жанашырлық. Осылайша баланы тыңдауға және байланыс орнатуға көмектесетін, өз тәжірибемде ата-аналарға жиі ұсынатын 5 маңызды қадамға тоқталайын.

Бірінші физикалық тыңдау емес, эмоционалдық тыңдау, яғни баланың тек сөзін емес, сезімін тыңданың. Бала «Бүгін мектепте жаман болды» десе, «Жарайды, болады ондай» демеі, «Саған не ауыр болды?» деп эмоциясына үніліп, сөйлесу қажет. Екіншіден, ықыласпен тыңдау. Бала сөйлеп тұрғанда телефонға немесе басқа нәрсеге алаңдамай тыңдау баланың өзін маңызды сезінуіне оң әсер етеді. Бұл – өз-өзіне деген сенімділік негізі.

Үшіншіден, үкім емес, түсіністік орнату, яғни «Сен дұрыс айтпадың», «Олай жасауға болмайды» деген үкімдер емес, «Сен неге солай істедің деп ойлайсың?» деген сұрақ арқылы сөйлесу. Одан әрі жазалау емес, тілдесу. Қатал сөз емес, диалог құру маңызды. Себебі кішкентай бала да өзін тыңдалған,

қабылданған адам ретінде сезінгісі келеді.

Соңғысы тыңдай отырып, бағыт беру. Бұл – ата-ананың балаға қысымсыз ықпал етуінің ең нәзік формасы, яғни, бала өзінің еркін білдіріп, эмоциясын бөліскен сәтте оны тоқтатпай, толық тыңдау, ал тыңдап болған соң ғана бағыт, сұрақ немесе ұсыныс айту ата-ана ретінде баланың шекарасын бұзбай, өз бетінше шешім қабылдауға көмектеседі.

Мысалы, 13 жастағы жасөспірім қыз анасына қарсы шыға береді, ештеңе айтпайды, оқшауланып жүр. Ата-ана «қыныр, тыңдамайды» деп ойлайды. Ал талдап қарасақ, бұл – ата-ана мен бала байланысының үзілуінің көрінісі. Жасөспірім өзін естілуге лайық емесін деп сезінеді. Психолог маманның келесі ретінде ұсынамын. Ата-ана қыз балаға ашық сұрақтар қою қажет. Мәселен «Мен саған көмектесе аламын ба? Бүгін сені не қуантты? Не ренжітті? Қазір өзіңді қалай сезініп тұрсың?» деген секілді. Олармен сөйлесу, пікірін тыңдау, мақтануға, ренжуге мүмкіндік беру, өз пікіріңізді ұсынып көру, бірі маңызды. Бұл – қарым-қатынасты қалпына келтірудің алғашқы қадамы.

Қорыта айтқанда, бала – тыңдамайтын жан емес, тек естілмей жүрген жан. Қоғамдағы бала тәрбиесі дағдарысқа ұшырап отыр десек, оның негізгі себебі – ата-ана мен бала арасындағы байланыстың әлсіреуі. Бұл – тек отбасылық мәселе емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі.

Ата-ана болу – тек бағып-қағу емес, бала жанына серік бола білу. Біржақты талап емес, екіжақты диалог құру қажет. Бала – бізді тыңдауы үшін, біз де оны есті білуіміз маңызды. Баланы кім естіп, тыңдай алса, ол сол адамға барынша жүрегің, сау қарым-қатынасқа жол ашылары сөзсіз. Ендеше, ата-ана, бір сәт балаңызды бауырға басып, құлақ түріп, ішкі дүниесімен сырласқаныңыз жөн.

Раушан МҰСТАФАЕВА,
облыстық психологиялық
қолдау орталығының
«Психологиялық жұмыс»
бөлімінің меңгерушісі



«Ақмешіт» жеңімпаз атанды

Елордада ҚР Парламенті Мәжілісінің ұйымдастыруымен 25 қазан – Республика күніне орай БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан «Majilis Cup – 2025» республикалық турнирі өткен болатын. Тартысқа түскендердің арасында ерекше ойын өрнегін көрсеткен қызылордалық «Ақмешіт» футбол командасы жоғары нәтижеге қол жеткізіп, бас жүлдені жеңіп алды.

Төртінші рет ұйымдастырылған доп додасына республиканың барлық өңірінен 20-ға жуық команда қатысқан. Жарыс нәтижесімен «Ақмешіт» командасы (Қызылорда) – I, «AsNews» командасы (Астана) II орын алса, үшінші жүлдеге елордалық «KFF Media» командасы не болды.

– Биыл Сыр өңірінің қаламгерлерінен құралған «Ақмешіт» командасы үшін табысты жыл болды. Мамыр айында Амангелді Сейтханов атындағы республикалық турнирде топ жарып, екі дүркін чемпион атанды. Енді міне, ҚР Мәжіліс Парламентінің БАҚ өкілдері арасындағы дүбірлі ала доп додасында алғаш рет жеңіс тұғырынан көрінді. Бұл бәсекеде 19 команда сынға түсті. Жарыс өте тартысты өтті, кіл мықтылар жиналған. Оның үстіне турнир Чемпиондар лигасының жаңа форматы бойынша ұйымдастырылған. Жалпы кезеңде «Алматы-Талғар», «Садақ медиа», «Тумалас» және Өскемен командаларынан басым түсіп, плей-оффа

басты фаворит «Қазмедиа» командасымен негізгі уақытта 3:3 есебімен тең ойнадық. Ақырында пенальти сериясында жеңісті жұлпып алдық. Жартылай финалда тағы да «Садақ медиамен» жолымыз түйісіп, 2:1 есебімен жеңіске жеттік. Ал финалда астаналық тағы бір мықты «AsNews» командасын 4:1 есебімен айқын басымдықпен ұтып, Мәжіліс кубогын Сыр еліне әкелдік. Бізге тілеулес болып, қолдау білдірген жерлестерімізге айрықша алғыс білдіреміз, – дейді команда капитаны Әділбек Жаканов.

Оның айтуынша, бұл жеңіс – Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына үлкен тарту. Сондай-ақ бір жылда екі республикалық турнирде жеңімпаз атанған «Ақмешіт» командасы алдағы республикалық турнирлерде үздіктер қатарынан көріне бермек.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ
МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.